

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕКТЕП ТАРИХЫ

Қазақ халқының көрнекті ағартушысы Ы.Алтынсарин атындағы №10 қазақ орта мектебінің іргетасы 1962 жылы қаланды.

Қызылорда қаласындағы Гагарин мөлтек ауданында орналасқан мектеп 520 оқушыға арналып салынған. Алғашқы 1962-1963 оқу жылында мектепті 18 шәкірт бітіріп, барлығы жоғары оқу орындарына түсті.

1963-1964 оқу жылынан бастап бүкілодақ бойынша қосымша мамандық беру саясатына байланысты барлық мектептер 10 жылдық орнына 11 жылдық білім беру жүйесіне көшті.

1964-1965 оқу жылында мектептегі 28 оқушы бітіріп, олардың 11-і тас қалаушы, 17-сі сылақшы деген қосымша мамандық алып, көпшілігі мектеп бітірген соң өндірісте бір жыл жұмыс жасап, келер жылы өздері қалаған жоғары оқу орындарына түсті.

1965-1966 жылдары целлюлозды картон комбинатының кейбір цехтарына картон шығаруға керекті мамандар даярлау мақсатында оқушыларды сол мамандықтарға дайындау жұмыстары жүргізілді. Сол оқу жылы мектепті 39 оқушы бітіріп шықты.

2013 жылдың қыркүйек айында Ыбырай Алтынсарин атындағы № 10 мектеп-лицей атанды.

1962-1964 жылдар аралығында ең алғаш мектепті басқарған директор – Гажданбек Ибраев;

1964-1965 жылдары Әбдіғали Ахметов;

1965-1966 жылдары Бақытжан Есбаев;

1966-1973 жылдары Серікбай Қырықбаев;

1973-1978 жылдары Қожан Нұрпейісов;

1978-1982 жылдары Камал Есетова;

1983-1986 жылдары Айтмағанбет Жылқыбаев;

1986-1992 жылдары Алдан Қожамұратова;

1992-2013 жылдары Марат Төкен;

2013-2017 жылдары Берік Бекенов;

2017 жылғы 7 тамыздан бастап Асылбек Макашев басқарып келеді.

Қазіргі таңда № 10 мектеп-лицейде 69 сынып кешені бар, оларда 1697 оқушы білім алуда. Оқыту тілі – қазақ.

1962 жыл мектептің ашылуы



Қазақтың алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің ескерткішін жаңалау іс-шарасы. Ескерткішке гүл шоғын қойып, мектепте ұлы тұлға Ы.Алтынсариннің музейін таныстыру сәті.



**Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ №10 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА МӘЛІМЕТ**

Педагогикалық кадр құрамы 2023-2024 оқу жылы

№	Оқу жылы	Мұғалім саны	Біліктілік санаты бойынша			Жаңа формат бойынша				«Педагог-шебер», «Педагог-зерттеуші», «Педагог-сарашы» санаттары бойынша	Санаты жоқ	Білімі		
			Жоғары	Бірінші	Екінші	«Педагог-шебер»	«Педагог-зерттеуші»	«Педагог-сарашы»	«Педагог-модератор»			Жоғары	Арнаулы орта	Магистр
1	2023-2024	175					47	45	45	92	39	169	6	12
		пайыз					27	26	26	53	21	97	3	7

Педагогикалық кадр құрамы 2023-2024 оқу жылы

р/с	Мұғалімнің саны	Білімі			
		Жоғары	Аяқталмаған жоғары	Арнаулы орта	магистр
1	174	168	4	6	12

Бірлестік											ақысыз	декрет
қазақ тілі	орыс тілі	ағыл тілі	физмат	тарих	хим био	инф	Техн эн	д/ш аэд	баст	т.б		
15	15	20	16	9	15	11	9	20	44	6	0	11

**2023-2024 оқу жылында № 10 мектеп-лицейде 69 сынып кешенінде
1698 оқушы білім алуда.**

№10 мектеп-лицей	Сынып саны	Оқушы саны	Қызы	Ұлы	Барлығы	Оқушысаны
1-4 сыныптар	29	706	373	333	29	706
5-9 сыныптар	33	868	428	440	33	868
10-11-сыныптар	4	124	72	52	4	124
Барлығы	66	1698	873	825	66	1698

«Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлері мен мемлекеттік грант көрсеткіші

